

Тіл және мәдениет

Орындаған: Әсілхан Балерке
Тобы: ФЖК-611

Тіл және әдебиет – лингвистермен қатар тарихшылардың, философтардың, психологтар мен этнографтардың, мәдениетшілердің, әдебиетшілердің де назарын аударып келе жатқан көп салалы проблемалардың бірі. Мәдениет пен тіл үздіксіз өзара қарым-қатынаста болатындықтан бұл проблеманың тілдік аспектісі екі жақты болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда лингвистика бұл мәселені шешу жөніндегі бірқатар қызықты да батыл қадамдарды ұсынады.

Тіл мен мәдениет ара-қатынасы лингвистикада, тіл философиясы мен мәдениеттануда түрлі қырынан зерттеліп жүр. Тіл білімінде бұл сауалға тарих пен мәдениеттің, этнография мен лингвистиканың ортақ мәселелерін сөз ететін пәнаралық этнолингвистикалық зерттеулер, ізденістер жауап береді.

Э.Сепир тіл мәдениеттің біртұтастығын ашып көрсететін маңызды әдіснамалық көзқарастарын ұсына отырып: «Мәдениет белгілі бір қоғамның әрекеті мен ойлауының көрінісі, ал тіл қалай ойлаудың көрінісі. Ендеше, тіл мазмұны мәдениеттің бөлінбейтін бөлшегі», - деген қорытынды жасайды

Тіл ойды жеткізу мен қарым-қатынас жасаудың құралы ғана емес, мәдени білім аккумуляциясының да басты құралы болып саналады. Күрделі таңбалық жүйені құрай отырып, тіл қандай да бір мәліметті жеткізу, сақтау, қолдану, қайта жаңғырту қызметін атқарады. Мәдениет те тіл секілді белгілі бір хабарды жеткізу қабілеті бар таңбалық жүйе (семиотикалық) болып табылады, алайда ол тілге қарағанда өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетсіз, себебі мәдениет ең алдымен – жады, оның басты қасиеті – жинақтау, сақтау және абсолюттік жалпы қауымдастыққа талпыну. Өзінің абсолюттік ерекшеліктерін танытуға талпынатын тұлға қарым-қатынасқа түспей, мәдени диалог жасамай тұра алмайды. Сондықтан «тіл – ұлт (ұлттық тұлға) – мәдениет» - бүгінгі лингвомәдениеттанудың орталық үштігі, ғылымның осы саласындағы маңызды мәселелерді шешуге мұрындық болатын фокус .

Қазіргі лингвистикадағы антропо және этноцентризм қағидаларына сүйенетін лингвоелтану, этномәдени және этнолингвистика салалары тілтабиғатын оны тұтынушы халықпен бірге қарастыруды мақсат етіп келеді. ХІХ ғасырда өмір сүрген неміс ғалымы В.фон Гумбольдтің «Среди всепроявлений, посредством которых познается дух и характер народа, только его язык и способен выразить самые своеобразные черты народного духа и характера и проникнуть в их сокровенные тайны» [1. Стр 69] деген тұжырымы, ой-қорытындылары тілді ұлттық феномен деп танитын бүгінгі тіл біліміндегі жаңа бағыттарға жол сілтеді.

Дискурс — тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, дискурс дегеніміз уақыттың мәдени-тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада, дискурс деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады. Ф. де Соссюрден бастап қазіргі француз функционалистеріне дейінгі классикалық лингвистика тілді қоғамның барлық мүшелеріне ортақ, түсінікті константты (өзгермейтін) құрылым деп қарастырады.



**Тіл – халық
жанын
танудың кілті**



Бүгінде тіл негізгі коммуникативтік құрал ғана емес, адамның бүткіл болмысын, адамның мәдениетін аңғартатын әмбебап ұғым. Фрейдизм, феноменология, экзистенциализм, аналитикалық философия, герменевтика, структурализм, семиология, т.е.с. бір ауыздан мәдениетті тілдік қарымқатынас саласы ретінде анықтайды. Рухани әлемдегі мұндай өзгерістердің лебі мәдениеттану саласынан да байқалады. Мәдениеттің өзін метатіл ретінде анықтап, оның бойындағы коммуникативтік мүмкіншіліктерді негіздеу барысында лингвистикаға басты назар аудару заңды іс. Өйткені, соңғы 50-60жылдар аралығында қарым-қатынас, коммуникация мәселесін жан-жақты зерттеген бірден-бір сала — осы лингвистика.